

Астана қаласы әкімдігінің
«№46 «Самал» санаториялық балабақшасы» КММ

Өндірістік жиналыс

№ 1 ХАТТАМАСЫ

Қатысқандар – 24 адам

«03» қыркүйек 2025ж

Жиналыс төрайымы балабақша
меңгерушісі:
Жиналыс хатшысы:

Г. С. Абенова
А.А. Аманова

Күн тәртібінде:

Техника қауіпсіздігі және балалардың денсаулығы мен өмірін қорғау бойынша нұсқаулық.


Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Г.С.Абенова өз сөзінде балабақша санаториялық болғандықтан, бірінші орында баланың денсаулығы деп атап өтті. Баланың бақытты болуы үшін, денінің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек. Дені сау баланың ақыл-ойы айқын, өз-өзіне сенімді, жан-жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан, бала организмінің қызметін жетілдіру, қабілетін арттыру – ең басты міндетіміз. Балалардың денсаулығын нығайтуда спортқа әуестендіріп, күн тәртібі ережелерін сақтай білуге, жаңа инновациялық жолдар арқылы шынықтырып, салауаттылыққа тәрбиелеуіміз қажет. Жан-жақты физикалық жетілген және денсаулығы жақсы баланы өсіріп тәрбиелеу – әрбір ата-ана мен балабақшаның міндеті. Техника қауіпсіздігін сақтауды қатаң түрде тапсырды. Балабақша қызметкерлері, балалармен тікелей жұмыс жасайтын топ тәрбиешілері мен тәрбиеші көмекшілері топ ішінде электр шәйнектерін, телефон сымдарын телефонсыз тоққа қосуларына болмайтындығын ескертті. Ең бастысы тәрбиешілер топтарда балаларды қараусыз қалдыруға құқығы жоқ. Таңертең жұмысқа келгенде, тәрбиеші топтағы барлық бөлмелерді қарап, ақаулықтарды қарастырады. Олар анықталған кезде, бірден басшыға хабарлайтындықтарын айтты.

Кезекте шаруашылық меңгерушісі, Т.Ажимов балабақша қызметкерлеріне техника қауіпсіздігі бойынша ережелермен таныстырды.

Шешім:

Балабақша қызметкерлері техника қауіпсіздігі ережелерін қатаң түрде сақтасын.

Меңгеруші:
Хатшысы:



Г. С. Абенова
А.А.Аманова